

Бекітілген
«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
12020 жылғы №2 хаттама



«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ

Корпоративтік хатшы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар

1-бөлім 1.1.-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

1.1 Осы «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Корпоративтік хатшысы туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) Қоғамның Корпоративтік хатшысы (бұдан әрі - Корпоративтік хатшы) міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін, тағайындау тәртібін, сыйақы беру шарттарын айқындайды.

3-бөлім 3.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

3.4 Корпоративтік хатшының функциялары келесі талаптарға сай келетін адамға жүктелуі мүмкін:

3.4.1 жоғары заңгерлік немесе экономикалық білімінің болуы;

3.4.2 кемінде 5 (бес) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы, оның ішінде корпоративтік құқық немесе корпоративтік басқару саласында және/немесе басшылық лауазымда -2 (екі) жылдан астам уақыт;

3.4.3 өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін жеткілікті білімнің, тәжірибенің және біліктіліктің болуы;

3.4.4 ұйымдастырушылық және талдамалық қабілеттері мен дағдыларының болуы;

3.4.5 Қоғам қызметінің ерекшелігін білу.

3-бөлім 3.4-тармақ мынадай мазмұндағы 3.4. 1-тармақпен толықтырылсын.

3.4.-1 Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Корпоративтік хатшының функциялары Қоғамның қызметкеріне (заңгер/экономист) (негізгі лауазымын қоса атқарумен) 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге уақытша жүктелуі мүмкін. Бұл ретте, Корпоративтік хатшының міндеттері уақытша жүктелген тұлға осы Ереженің 3.4-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

3.5 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешімінде, оның ішінде өкілеттік мерзімі, лауазымдық айлықтарының мөлшері және еңбекке ақы төлеу шарттары, міндеттерді уақытша жүктеу кезіндегі қосымша ақының, сыйлықақы беру және/немесе сыйақы мөлшері көрсетіледі.

3.6. - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

3.6. Лауазымдық жалақының мөлшерін, міндеттерді жүктеу (Корпоративтік хатшы функциясын қоса атқару) кезіндегі қосымша ақының мөлшерін және Корпоративтік хатшыға сыйлықақы беру және/немесе сыйақы беру шарттарын Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі белгілейді.

6-бөлім Корпоративтік хатшы қызметі - алып тасталсын

7.2.5 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

7.2.5. Хаттамаға, хаттамадан үзіндіге қол қою және Қоғамның немесе корпоративтік хатшының мөрімен куәландыру (қажет болған жағдайда парақтап куәландырылатын құжаттамаға қол қою);

9-бөлім 9.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

9.1. Корпоративтік хатшының жалақысы еңбек шартында белгіленген лауазымдық жалақының және заңнамаға және осы Ережеге, Директорлар Кеңесінің шешіміне және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес өтемақы (оның ішінде материалдық көмек), көтермелеу және/немесе ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің сомасымен айқындалады.

9-бөлім Корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу және ынталандыру шарттары мынадай мазмұндағы 9.4., 9.5., 9.6-тармақтарымен толықтырылсын:

9.4. Корпоративтік хатшыға жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы Қоғамның Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығына сәйкес беріледі, ұзақтығы 30 (отыз) күн.

9.5. Қоғамның Корпоративтік хатшысына Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген мөлшерде қосымша ақылар жүзеге асырылады, кепілдіктер мен өтемақы төлемдері, сондай-ақ Қоғам қаражаты есебінен ерікті медициналық сақтандыру (Қоғамда тиісті әлеуметтік пакет болған кезде) беріледі.

9.6. Корпоративтік хатшыға растайтын құжаттардың (туу туралы куәлік) (бала асырап алу), неке туралы куәлік, қайтыс болу туралы куәлік) көшірмелері негізінде мынадай жағдайларда 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек көрсетіледі:

- 1) бала туғанда (асырап алғанда);
- 2) қызметкердің некесі;
- 3) жұбайы (зайыбы) немесе олардың жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері) қайтыс болған жағдайларда.

